

ҚАЗАҚ ТІЛІ

2-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып
оқушыларына арналған оқулық

(МАКЕТ)

3

Қазақ тілі. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. 2-бөлім, 2026 – 148 бет.

Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жазылды.

Шартты белгілер



— Тыңдалым



— Оқылым



— Айтылым



— Жазылым



— Шығармашылық тапсырма



— Зертте



— Жұптық тапсырма



— Топтық тапсырма



— Ойна, ойла



— Есіңе сақта

Кіріспе

Құрметті оқушы!

Бұл – «Қазақ тілі» оқулығының екінші бөлігі. Алдыңғы кітапта алған біліміңді осы бөлімде тереңдетіп, бай тіліміздің көркемдігі мен қуатын танысың.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сендердің қазақ тілінде еркін сөйлеп, тілдік нормаларды қолданып, ойыңды жеткізе алуға, дұрыс жазып, сауатты сөйлеуге үйрету. Сол себепті сен түрлі мәтінмен жұмыс істеп, сөз таптарын, сөйлем құрылымын қайталап, тілдің заңдылықтарын нақтылай түсесің.

Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерін дамытатын тапсырмалар сенің ойлау, талдау, шығармашылық қабілеттеріңді жетілдіреді.

Электрондық нұсқадағы бейне, аудио және тест тапсырмалары арқылы өз біліміңді сынап, тілді үйрену үрдісін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік бар.

Барлық тапсырманы орындау барысында сен ана тілінде шебер сөйлеуді, ойлауды, тыңдауды және сауатты жазуды игересің. Алған біліміңді күнделікті өмірде қолдануға дағдыланасың.

Қазақ тілін білу – өз елін, өз мәдениетін терең түсінудің кілті.

Іске сәт, жас дос!

Ізгі тілекпен, оқулық авторлары.

ӨНЕР

Бұл бөлімде:

- сөз таптары туралы білетінімізді еске түсіреміз;
- сөйлемнен зат есімді табуды, сұрақ қоюды;
- негізгі және туынды зат есімді анықтауды;
- тәуелдік жалғауын қолдануды;
- сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысуды;
- берілген тақырып бойынша әңгіме құруды;
- өзгенің пікіріне өз көзқарасыңды білдіруді үйренесің.




Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұнын болжайсың;
- сөз таптары туралы білесің.



1-жаттығу. Мәтінді тыңдамас бұрын тақырыбы мен суретті пайдаланып, оның мазмұнын болжап көр.


**«Аққу» күйі**

- «Аққу» күйінің авторы кім?
- Күй қосылғанда аққулардың әрекеті қалай өзгерді?
- Сенің ойыңша, неге аққулар әуенді естіген соң бастарын түйістіріп, билей жөнелді?



2-жаттығу. «Сөз таптары еліне саяхат». Ойынның шарты: әр сөз табы (зат есім, сын есім, етістік, сан есім) туралы білетініңді айтыңдар.

Үлгі:



3-жаттығу. Бірінші бағандағы көп нүктенің орнына заттың сынын, екінші бағандағы көп нүктенің орнына заттың қимылын, үшінші бағанға заттың санын білдіретін сөздерді жаз.

... күй

аққу ...

... дәптер

... домбыра

қар ...

... қалам

... сурет

оқушы ...

... сызғыш

- Сөздерге сұрақ қой.



4-жаттығу. Мәтінді көркем жаз.

Қазақтың «күміс көмей» әнші қыздарын бұлбұлға теңеген. Солардың қатарында Күләш Байсейітова, Бибігүл Төлегенова секілді дарынды әншілерімізді айтуға болады.

«Жетісу» энциклопедиясынан

- Сөйлемдерден зат есімдерді тауып, бір сызықпен сыз. Етістіктерді тауып, екі сызықпен сыз.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтайсың;
- сөз таптарын ажырата аласың.



5-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Ертеде ел ішінде «Бурабай маңындағы ауыл жастары орман ішіндегі алаңқайға жиналады екен. Жігіттер мен қыздар ойын ойнап, ән шырқап, би билейді» деген әңгіме тарайды. Ханның бұл нәрсені өз көзімен көргісі келеді. Ол қарапайым киім киіп, қалың жұрттың арасына сіңісіп кетеді. Бір ойын екінші ойынға жалғасып, жиналғандарға би өнерін көрсететін уақыт та келіп жетеді. Алаңқайдың ортасына толған айдың сәулесімен шағылысып, қайыңдай болып қыздар шығады да, билей бастайды. Айналған ақ көйлектер желбірі, бас киімдегі үкі қа-



наттары өз үйлесімін тауып, бәрі керемет билеп жатты. Осы уақытта шыдамы таусылған хан:

– О, тамаша! Бақытты болыңдар! – деп айқайлап жібереді.

– Мынау, хан иеміз ғой, – деп көптің арасынан біреу оны танып қояды.

Биші қыздар ұялғаннан қайда тығыларын білмей, бұралған күйлерінде биші қайыңдарға айналып кетіпті-міс.

- Мәтін не туралы?
- Мәтінге атау қой.
- Мәтіннің негізгі ойын тап:
 - а) Әсемдік пен сұлулық мәңгі жасайды.
 - ә) Адамның шынайы өнері табиғатпен үндеседі.
 - б) Хан халықпен араласқысы келеді.
- Аңыздың тақырыбын тағы қалай атауға болады?



6-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойып, зат есім, етістікті тап.

Қайың – қабығы тегіс, жылтыр, жүрекше жапырақты, өте сүйкімді, сұлу ағаш. Қайың өзі тез өседі. Қайыңнан алынатын нәрсенің бәрі де кәдеге асады. Оның бүршіктерінен дәрі-дәрмек әзірленеді. Бұтақтарынан сыпырғыш, қабығынан себет тоқылады. Қайың ағашынан музыка аспаптарын және түрлі жиһазды жасайды.



7-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құра. Тақырыбын анықта.

Керекті сөздер: күйші, күй тыңдау, өнерге ғашық, халқымыздың өнері, домбыраның үні, әуен, сүйіспеншілік.





8-жаттығу. Сөздер мен сөз таптарын сұрақтарымен сәйкестендір.



- Кестеге сүйеніп, сөз таптарының ережесін құрастыр.



9-жаттығу. «Сөздер театры» ойыны. Сөз таптарының қызметін рөлдік ойын арқылы көрсетіңдер. Ойынның барысы: 3 оқушы тақтаға шығып, рөл таңдайды. Кейіпкерлер бір зат есімді, сипаттаушы бір сын есімді, әрекет жасаушы бір етістікті айтады.

Мысалы: «Ара» (зат есім)

«Сары» (сын есім)

«Ұшты» (етістік)

Бірге сөйлем құрайды: «Сары ара ұшты!» (оқушылар қимылмен, дауыспен көрсетеді.)

Бүгін сабақта:

- ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын анықтайсың;
- әріптерді жазуда каллиграфиялық нормаларды сақтайсың.



10-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Әшекей дегеніміз – киімге, тұрмыстық заттарға сән беретін, олардың бетіне салынатын ою-өрнек мен нақыштар.

Мұндай әшекейлер киіз үйдің жабдықтарына да салынады. Олармен ат әбзелдерін де безендірген. Әшекейлер киім-кешектердің, ыдыс-аяқтар мен жиһаздардың, қару-жарақтардың т.б. өн бойында қолданылады.

«Қазақтың ою-өрнектері» кітабынан

- Мәтіндегі «әшекей» сөзі нені білдіреді?
- «Әбзел» сөзі қандай бұйымдарға қатысты қолданылады?
- «Безендіру» сөзі қандай мағынада қолданылған?
- Әшекейлер қандай заттарда қолданылады? Мәтіннен мысал келтір.
- Киіз үй жабдықтарындағы әшекейлердің қандай маңызы бар?



11-жаттығу. Егер сен ата өнерін жалғастырсаң, қандай бұйым жасар едің? Ойыңды 3-4 сөйлеммен жаз.

Үлгі: Мен домбыра жасаймын. Домбыра ағаштан жасалады. Ол – қазақтың ұлттық аспабы.



12-жаттығу. Олеңді оқып, әшекей бұйымдарды теріп жаз.

Әшекей қыз

Тақияға күміс қадап он шақты,
Жапсырыпты неше түрлі моншақты.
Жинап алып үйдегі бар жүзікті,
Оны-дағы саусағына тізіпті.



Қалай ғана көтеріп жүр бір басы,
Құлағында – апасының сырғасы.
Танаменен тұтасыпты омырау,
Үсті-басы толып тұрған қоңырау.

О. Әубәкіров

- *Тана* әшкейі қандай болады? Біліп ал.
- Зат есімдерді тап, сұрақтарын анықта.



13-жаттығу. Мақалдарды түсініп оқы. Бір мақалды көркем жаз.

Қыз – еркем, кестесімен көркем,
Ұл – еркем, өнерімен көркем.

Кілең шебер жиналса,
Істері тез қызады.
Кілең олақ жиналса,
Біткен істі бұзады.



14-жаттығу. Сөйлемдерді қажетті зат есімдермен толықтырып жаз.

... салу үшін симметрия заңын сақтау өте маңызды:
екі жағы да тепе-тең болуы тиіс. Белгілі бір ... ою-өрнек
салу үшін, біріншіден, ... үлгі жасалады. Ою-өрнек сал-
ған кезде ... оның қандай мәні барын білу қажет.

Қажетті сөздер: бұйымға, ою-өрнек, бояу, қағаздан.

Бүгін сабақта:

- тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеп, ашық және жабық сұрақтарға жауап бересің;
- сөйлемнен сөз таптарын табасың.



15-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Тірек сөздерді белгілеп, жазып отыр.
- Сырмақ еденге төселетін жабдық па?
- Сырмақ неден жасалады?
- Жүнді қандай малдан алады?
- Сырмақтың тұрмыс-тіршілікте қандай орны бар?
- Киізді басу үшін қандай материалдар қажет?
- Жүннен басқа қандай бұйымдар дайындалатынын ата.



16-жаттығу. Мәтінді оқы. Әр сөз табына тиісті сөздерді жаз.

Сырмақты қой мен ешкінің жүнінен жасайды. Қазақ халқы мал шаруашылығында жүнді көктемде қырқып, оны тазалайды. Жүн жылы, берік және бояуға қолайлы.

Зат есім

Етістік

Сын есім



17-жаттығу. «Неге ұқсайды?» ойыны. Әр топ бір оюды таңдап, оның неге ұқсайтынын табады. Атауын қояды. Сөйлем құрайды.



Үлгі: Құс оюы. Аспанда құстар қалықтап ұшып жүр.



18-жаттығу. Жаңылпаштарды жаңылмай оқы. Ұнатқан жаңылт-пашты жатқа жаз.

Сыйлыгүл сырмақты сыри берді.

Сырлыгүл Сыйлыгүлге сыйлыққа сиыр берді.

Оюға ою өрнектеп,

Үйрет өстіп қолды ептеп.

- Зат есімдердің астын сыз. Сұрақ қой.



19-жаттығу. «Әжемнен қалған асыл мұра» тақырыбында мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: мұра, киіз, қолөнер, қой жүні, бояу, шеберлік, дәстүр, үйрету, су себу, басу, ұқыптылық, еңбекқор, әдемілік.

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырасың және жауап бересің;
- жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзетесің.



20-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы. Мәтінен зат есімдерді теріп жаз.

Баяғыда Қамбархан деген аңшы жігіт елді аңның етімен асыраған екен. Қамбархан бір күні аңның етін халыққа бөліп жатып, ішегін ағаш бұтағына іле салады. Келесі күні Қамбархан ерекше бір жағымды әуен, үзілмейтін сарын естиді. Жан-жағына қарап, бұтаққа керіліп қалған қос ішекті көреді. Жел соқса, ішек ызыңдап қоя береді екен. Қамбархан әлгі ағашты кесіп алып, шауып, жонып, домбыра жасапты да, күй шертіпті.

Қазақ халық ауыз әдебиетінен

- Қамбархан деген кім?
- Ол аңды не үшін аулаған?
- Мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыр.



21-жаттығу. Жаңылтпаштың қатесін тауып, түзетіп жаз.

Досым маған еліктеп,
Домбрамен ән салды.
Дән рыиза болып көп,
Дуылдады, тамсанды.



22-жаттығу. «Сыңарын тап» ойыны. Берілген мақал-мәтелдері сыңарымен сәйкестендір. Мағынасын біліп ал.

Білегіңе сенбе

Жер құты – дария

Інісі бардың тынысы бар

Ердің сәні – білім

Ел құты – қария

Біліміңе сен

Жердің сәні – егін

Ағасы бардың жағасы бар




23-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды жалғап, көшіріп жаз.

Қазақтың қара домбыра... – халқымыздың ұлттық аспаб.... Домбыраны тарта білген адамның жүрег... мейірімді келеді. «Қазақ – нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» – деп, талантты ақынымыз Қадыр Мырза Әлі домбыраның халқымыз үшін қандай қасиетті екендігін түсіндіреді.

- Жалғау жалғанған соң қай сөздердің түбірінде өзгеріс болды? Түбірдегі дыбыстың өзгеру себебін түсіндір.
- Қадыр Мырза Әлінің домбыра туралы өлеңін тауып оқы. Оған өз пікіріңді білдір.



24-жаттығу. «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны. Суреттегі аспаптарды анықта. Оларды ата. Ойнай алатын аспабың туралы айт.



Бүгін сабақта:

- берілген мәтін бойынша түрлі дереккөзден алған ақпаратта кездесетін жаңа сөздің мағынасын сөздік арқылы ашып, мағлұматың маңызды тұсын анықтайсың.



25-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Әр баланың бойында ерекше **қабілеті** болады. Соның бірі – өнер. Ән айту, би билеу, күй тарту – кез келген адамның қолынан келе бермейтін ерекше қасиет.

Біздің сыныпта да өнерлі оқушылар көп. Мысалы, Айзат мектептегі барлық мерекелерде әдемі даусымен ән орындап, көпшіліктің қошаметіне ие болды. Ал Айжан би билеуді жақсы көреді. Ол Республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Ал Мадина – «Жас толқын» би үйірмесінің белсенді мүшесі. Ол да сахнада әдемі биімен көрермендердің **көзайымына** айналды.

Бұлардан бөлек қолөнерге қызығатын, сурет салатын, өлең шығаратын достарымыз да бар. Осындай өнерлі балалар – біздің сыныптың мақтанышы.


Мен сыныптастарымды жақсы көремін, оларға әрқашан қолдау көрсетемін. Олар болашақта еліміздің мақтанышы болатын азаматтар деп ойлаймын.

Халқымыз «Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – жанып тұрған шырақ» деп бекер айтпаған.

Айнагүл Адилова

- Мәтінде қандай өнер түрлері жайлы айтылған? Жұптасып әңгімеле.

- Қарамен жазылған сөздерді сөздіктерден қарап, мағынасын біліп ал.
- «Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – жанып тұрған шырақ» мақалының мағынасын түсіндір.
- Сыныптастарың қандай өнер түрлерімен шұғылданады?
- Мәтіннен зат есімдерді теріп жаз. Қайсысы жалпы есім, қайсысы жалқы есім екенін айт.



- Жалпы, жалқы есім туралы ережелерді есіңе түсір.



26-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, жалқы есімдерді табыңдар.

Ақын болам

Абай атам секілді ақын болам,
 Лирика, поэзияға жақын болам.
 Әл-Фараби бабамдай оқып, біліп,
 Махамбет, Исатайдай батыр болам.
 Байтақ ұлы далаға жыр-ән болам,
 Асқар шыңнан асатын қыран болам.
 Елі мен жерін қорғап, тер төгетін,
 Халқымның қамын жеген ұлан болам.
 Жанары оттай жанып жалындаған,
 Алаш жырын жырлайтын жалын болам.
 Кең, еркін мағыналы өлең-жырмен
 Оқырманға ой салар дарын болам!

Нұрсұлтан Таңат

- Өлеңде аты аталған адамдар жайлы не білесің? Дереккөздерден алған мәліметтеріңді сыныптастарыңмен талқылаңдар.



27-жаттығу. «Мен қандай өнер иесімін?» ойыны. Ойынның шарты: әрбір бала қандай да бір өнер түрін ойлап, жұмбақтап жасырады, ал қалғандары оны сипаттамасы бойынша табу керек. Жауаптарына байланысты бала «иә» немесе «жоқ» деп айтады. Кім бірінші дұрыс тапса, сол бала келесі айналымда өнер иесін жасырады. Ойын аяқталған соң оқушылар шағын шығармашылық жазба жұмысын жасайды: «Егер мен өнер иесі болсам...» атты 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін жазу.

Үлгі: *Егер мен суретші болсам, табиғат көріністерін бейнелер едім. Ол үшін сурет салатын құралдарымды алып, табиғат аясына кетемін. Мені тау да, жазық жер де, шөл дала да қызықтырады. Өйткені туған жерім – мен үшін ыстық қя.*



28-жаттығу. Қоршаған ортадағы зат есімдерді тап. Бір күн бойы айналаңдағы заттарды зерттеп, дәптеріңе жаз: Үйде қандай зат есімдер кездесті? Мектепте ше? Көшеде ше? Зат есімдер қайда көп екен?

Үйдегі зат есімдер	Мектептегі зат есімдер	Көшедегі зат есімдер



29-жаттығу. Ақын сөзіне «Синквейн» (5 жолды өлең) әдісі арқылы өлең жолдарын құра.

1. Тақырыпқа қатысты 1 зат есім
2. Бірінші зат есімге қатысты 2 сын есім
3. Бірінші зат есімге қатысты 3 етістік
4. Бірінші сөзге қатысты 4 сөзді сөйлем
5. Тақырыпты сипаттайтын 1 синоним немесе зат есім

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырасың және жауап бересің.



30-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

«Сахнаға шығып, бір-екі күй тартқан соң-ақ өзімді-өзім ұмытамын. Бусанып, тер шығады. Арқам кеңіп, бәйгеге түскен сәйгүліктей боламын». Бұл – қасиетті күй өнерінің сәйгүлігі, домбыраның құлағында ойнаған аңыз әйел Дина Нүрпейісованың сөзі. Дина жас кезінен домбыра үнін күмбірлетіп, ел арасында «күйші қыз» атанып кеткен. Тоғыз жасар қыз баланың осы өнері жайлы естіп, атағы жер жарған Құрманғазы шалғайдан арнайы іздеп келген екен. Бата-сын беріп, өнерге талпындырыпты.



«Тарихи тұлғалар» жинағынан

- Мәтін бойынша пікір білдіруге бағытталған 2 сұрақ құра. Оны жұбыңа қойып, жауабын тыңда.
- Жұбыңның сұрағына жауап бер.
- Қарамен жазылған сөздерді салыстырып оқы. Оларға сұрақ қой, айырмашылығын айт.

Есіңе сақта!

Зат есім **негізгі** және **туынды** болып бөлінеді.

Негізгі түбірден болған зат есімді **негізгі зат есім** дейді: *өнер, күй, іс*.

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді **туынды зат есім** дейді: *өнер+лі, күй+ші, іс+кер*.



31-жаттығу. Негізгі зат есімдерге тиісті қосымшаны жалғап, туынды зат есімдер жаса.

Өнер, сурет, домбыра, шебер, ән, жыр.

-ші

-паз

-шы

-лік

- Сөздерге сұрақ қой, айырмашылығын айт.



32-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Өнерпаз болсаң, арқалан... (Абай). 2. Мектепте суретшілер жарысы өтті. Жеңімпаздарға сыйлық берілді. 3. Қобызшы қобызын қолына алды. 4. Тігінші өз жұмысын аяқтады.

- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Сөз құрамына талда.



33-жаттығу. Ребусты шешіп, мақалды оқы.



- Мақалдағы қай сөзге жұрнақ жалғау арқылы туынды зат есім жасауға болады?

Бүгін сабақта:

- мұғалімнің көмегімен көркем және ғылыми мәтін түрлерін салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын табасың;
- негізгі, туынды зат есімді анықтайсың.



34-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Зеректік

Ағылшын елінде Броун деген білімді ұстаз судың үстіне бір қолайлы **көпір** салмақшы болады. «Қалай салсам, қолайлы, нық болады екен?» деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстін кесе тартқан өрмекшінің **өрмегіне** көзі түсті. Мұны көріп Броун тоқтай қалып: «Бұл **өрмекші** мынау жол арқылы көпір салыпты. Астында тіреу жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді», – депті. Сөйтіп су үстіне екі ұзын **шынжыр** тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі еді.

Ы. Алтынсарин

- Мәтін кім туралы?
- Шынжырдан көпір салу идеясы қайдан шыққан?
- Қарамен берілген сөздер негізгі зат есім бе, әлде туынды зат есім бе? Дәлелде.



35-жаттығу. Мәтінді оқы.

Өнертапқыш деген кім?

Өнертапқыш – жаңа нәрсе ойлап табатын адам. Олар адамдардың өмірін жеңілдету үшін түрлі құралдар мен құрылғылар жасайды.

Өнертапқыштар өте еңбекқор, ойшыл және ізденімпаз адамдар болады. Мысалы, электр шамын, телефонды, су қайнататын шәйнекті, тіпті велосипедті ойлап тапқан адамдар – өнертапқыштар. Солардың арқасында біздің өміріміз әлдеқайда жеңіл әрі қызық болып отыр.

Сондықтан өнертапқыштар – қоғамға көп пайда әкелетін ерекше адамдар.

А.Адилова

- Мәтінді «Зеректік» мәтінімен салыстыр, ұқсастығы мен айырмашылығын тап. Қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылыми-танымдық мәтін екенін айт.



36-жаттығу. Адам қиялынан шыққан, табиғатқа қарап үйренген адам өміріне, тұрмысына қажет заттарды топтастырыңдар.



- Ол заттар адамдарға қандай пайда әкелді? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.
- Зат есімдерге сұрақ қойыңдар.



37-жаттығу. Туынды зат есімдерден негізгі зат есімді ажыратып жаз.

1. Достық – ...

3. Сыйлық – ...

2. Сөздік – ...

4. Үйшік – ...



38-жаттығу. «Менің тапқыр шешімім» тақырыбында 3-4 сөйлем жаз. (Мысалы: Бірде мен де қиын жағдайдан жол таптым...)

- Жазған сөйлемдеріңмен сыныптасыңмен диалог құрастыр.

Бүгін сабақта:

- берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден кесте арқылы сөздердің мағынасын ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтайсың.



39-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадірлеген. Шешен адамдар ел алдында әділ сөйлеп, ақыл-кеңес берген. Халық ондай кісілерді «тілге шешен, сөзге жүйрік» деп атаған.

Сөз – адам ойын жеткізетін ең басты құрал. Әдемі сөйлей білу – үлкен өнер.

- Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықта.
- Сөйлеу мәдениетіне қатысты 3 тірек сөзді жаз.
- *Өнер, тіл, ел, шешен* сөздеріне (-ші, -дік, -паз) жұрнақтар жалғап, туынды зат есім жаса.



40-жаттығу. Кестемен жұмыс жаса. Түрлі дереккөздерден кесте арқылы шешендік сөздердің маңызды тұстарын анықта.

Шешендік сөздерді жүйелеу кестесі

- Шешендік сөздердің мағынасын жеңіл түсіндіру үшін оларды тақырыптық топтарға бөліп, кестеге енгізген жөн.

Тақырыбы	Шешендік сөз	Мағынасы
Даналық	Білгенге маржан	Адам білімді, ақылды болса, ол көп нәрсеге қол жеткізеді.
Батылдық	Ерлік – елге мұра	
Әділдік	Тура биде туған жоқ	

Тақырыбы	Шешендік сөз	Мағынасы
Бірлік	Бірлік бар жерде тірлік бар	

- Саған қай шешендік сөз көбірек ұнайды? Неліктен?
- Осы шешендік сөздердің қайсысын өз өміріңде ұстаным еткің келеді?
- Әр тақырып бойынша шешендік сөзге мысал келтір (өмірден, мектептен, ертегі, аңыздан).
- Осы шешендік сөздердің бәрін не біріктіреді деп ойлайсың?
- *Даналық, батылдық, әділдік, бірлік* сөздерін көшіріп жаз, түбірі мен қосымшасын ажырат.



41-жаттығу. Мақалдардың жалғасын дереккөздерден тауып, көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Тіл тас жарады,
2. Жақсы сөз –
3. Шешеннің тілі –



42-жаттығу. «Сиқырлы қоржын» ойыны. Шарты: қоржынның ішіндегі сұрақтарға жауап береді.

1	Зат есім дегеніміз не?
2	Негізгі зат есім дегеніміз не?
3	Туынды зат есім дегеніміз не?
4	Негізгі зат есімге мысал келтір.
5	Туынды зат есімге мысал келтір.
6	Туынды зат есім жасайтын жұрнақтарды ата.
7	Туынды зат есімді ата: көлдер, досы, аңшы, арман.
8	Жұрнақтың дұрыс қолданылған түрін ата: кітапшы, кітаптық, кітапша.
9	Сөздің одан әрі бөлінбейтін бөлігі ...
10	Туынды зат есім жасаушы қосымша ...

Бүгін сабақта:

- жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін құрап жазасың.




43-жаттығу. «Өнерлі өрге жүзер» тақырыбында тірек сөздер мен жоспар бойынша әңгіме құра.

Жоспар:

1. Өнерлі адамның еңбегі
2. Өнерлі бала
3. Ұстазы арқылы өнерді жетілдіру
4. Түрлі жарыстарға қатысу
5. Еңбектің жемісі



Тірек сөздер: өнер, еңбек, табандылық, жетістік, еңбекқор, атақ, шабыт, арман, би, ән, сурет.



44-жаттығу. Туынды зат есімдерден негізгі зат есімді ажыратып жаз.

Достық – дос, сөздік – ..., балалық – ..., ойыншық –



45-жаттығу. «Менің достарым – өнерлі балалар» тақырыбына салыстыра сипаттау мәтінін құрап жаз. Екі досыңды (құрбыңды) таңдап, оларды салыстыра сипаттайтын 3-4 сөйлем жаз.



Үлгі:

	Айбек (әнші)	Меруерт (биші)
Қызығушылығы	Ән айту	Би билеу
Өнер үйірмесі	«Әуен әлемі»	«Қазақ биі»
Мінезі	Сабырлы, көңілді	Шығармашыл, нәзік
Ұқсастығы	Екеуі де өнерлі, еңбексүйгіш	



46-жаттығу. «Неліктен өнерді бағалау керек?» тақырыбында пайымдау мәтінін құрап жаз. **Өйткені, себебі, сондықтан** көмекші сөздерін қолдан.

Үлгі: Өнер адамды дамытады, өйткені ол еңбектенуді, шыдамдылықты үйретеді.

Өнерлі адам елге пайдасын тигізеді. Сондықтан біз өнерді бағалауымыз керек.



47-жаттығу. Бүгінгі сабақта құраған үш мәтініңді салыстыр. Кестені қолдан.

Мәтін түрі	Қайсысы ұнады?	Неге?
Әңгімелеу		
Сипаттау		
Пайымдау		

Бүгін сабақта:

- мұғалімнің көмегімен мәтін түрлерін, стилін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табасың.



48-жаттығу. Мәтіндерді түсініп оқы.

Біз «Өнер» орталығындағы би өнері үйірмесіне бардық.

Бишілер «Қос алқа» биін билеп берді. «Қос алқа» биін сырға, білезік сияқты әшекей бұйымдарды бейнелеп биледі. Маған қазақтың ұлттық билері өте ұнады. Мен де би үйірмесіне қатысамын деп шештім.

*«Балдырған»
журналынан*

«Қос алқа» – қазақ биі. Атақты күйші Дәулеткерейдің осы аттас күйін биге өңдеген – А. Жұбанов пен Л. Хамиди. «Қос алқа» биі балетмейстер Ю.П. Ковалевтің нұсқасы бойынша Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Опера және балет театрында «Абай» операсында қойылды.

- Екі мәтінде қандай би туралы айтылған?
- Кесте бойынша екі мәтінді салыстыр.

	Жанры	Түрі	Стилі
1-мәтін			
2-мәтін			

- Мәтіндерден туынды зат есімді теріп жаз. Түбірі мен қосымшасын белгіле.



49-жаттығу. Мәтінді оқып, ғылыми мәтін екенін дәлелдеңдер.

Сурет салу – бейнелеу өнерінің бір түрі. Суретші айналасындағы дүниені бояу, сызық арқылы бейнелейді. Бұл өнер адамның талғамын, ептілігін, байқампаздығын дамытады.

- Сабақ тақырыбымен байланыстырып, ғылыми мәтінді көркем мәтінге айналдырыңдар.
- Мәтіндегі негізгі, туынды зат есімдерді атаңдар.



50-жаттығу. Мақалды көшіріп жаз. Туынды зат есімдерді сөз құрамына талда.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.





51-жаттығу. Сұрақтар бойынша өз пікіріңді білдір.

– «Өнерлі бала – сүйкімді» деген сөздің мәнін қалай түсінесің?

- Өнер адамның қандай қасиетін көрсетеді?
- Сен өзің қандай өнер түрін ұнатасың?
- Болашақта нені үйренгің келеді?



52-жаттығу. Берілген жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім жаса.



Бүгін сабақта:

- өз бетіңше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтайсың;
- тәуелдік жалғауларының қолданысын білесің.



53-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Менің **әжем** – өте ісмер адам. Ол тоқыма тоқиды, киім тігеді, кесте тігудің де **шебері**. Әжемнің **қолынан** шыққан әр бұйым әдемі болады. Қыс келгенде, бізге жылы қолғап пен шұлық тоқып береді. Мен оған қарап, еңбекқорлық пен төзімділікті үйренемін.

Әжем үнемі маған: *«**Қолыңнан іс келсе, еңбегің бағаланады, балам**»* – дейді. Осы сөзді мен есімнен шығармаймын. Әжемнің қасында отырып, тоқыма тоқуға көмектескен сәттер – мен үшін ең қызықты кездер.

Шынында да, **әжемнің қолы** алтын. Ол тек киім тігумен ғана емес, сүйіспеншілік пен мейіріммен де бәріміздің **жүрегімізге** жылу сыйлайды.



А. Адилова

- Мәтін не туралы?
- Мәтінге атау қой.
- Мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықта.

- Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен айтып көр.
Мысалы: Өнер мен еңбек адамды құрметке жетелейді.
- Қарамен жазылған сөздер кімге тиесілі екенін түсіндір.
Сөздерді сөз құрамына талдап жаз.

Есіңе сақта!

Заттың біреуге **меншікті** екенін білдіретін жалғауларды **тәуелдік жалғаулар** деп атайды. Тәуелдік жалғаулар үш жақта, жекеше және көпше түрде айтылады: *менің дос-ым, сенің дос-ың, сіздің дос-ыңыз, оның дос-ы; біздің дос-ымыз, сендердің достар-ың, сіздердің достар-ыңыз, олардың достар-ы.*



54-жаттығу. Төменгі кестені үлгі ретінде пайдаланып, берілген сөздерді тәуелдеп жаз.

Қолғап, шұлық.

Зат есімнің тәуелдік жалғаулары

Жекеше	Жалғаулары	Мысалы
I жақ. Менің	-ым, -ім, -м	еңбегім
II жақ. Сенің	-ың, -ің, -ң	еңбегің,
Сіздің	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	еңбегіңіз
III жақ. Оның	-ы, -і, -сы, -сі	еңбегі
Көпше	Жалғаулары	Мысалы
I жақ. Біздің	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз	еңбегіміз
II жақ. Сендердің	-ың, -ің, -ң	еңбектерің,
Сіздердің	-ыңыз, -іңіз	еңбектеріңіз
III жақ. Олардың	-ы, -і, -сы, -сі	еңбектері

- Сөздерді тәуелдегенде түбір сөздің соңғы дыбысының өзгеру себебін түсіндір.



55-жаттығу. Кестедегі сөздерді сәйкестендір.

Отаным

Оның

Сіздің

Елі

Менің

Туған жерің

Еліңіз

Ордасы

Олардың

Біздің

Елбасымыз

Сенің



56-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз, тәуелдеулі зат есімнің астын сыз.

Өнерлі адам – елге қадірлі адам. Оның қолынан шыққан әр ісі әдемі әрі пайдалы болады. Өнер үйренген адам ешқашан жаман болмайды. «Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ», – дейді халқымыз.



57-жаттығу. Сұрақтарға тәуелдік жалғаулармен жауап бер.

- Домбыра кімде?
- Менде – *өз домбырам.*
- Ән дәптері кімде?
- Бізде –
- Қылқалам кімде?
- Ол –



58-жаттығу. «Өнер студиясы» жобалық тапсырмасын орындандар. Өздеріңе ұнайтын бір өнер түрін таңдаңдар: сурет, музыка, би, т.б. Постер жаса. Онда таңдаған өнер түрін жарнамалайтын сурет желімде не 3-4 сөйлем жаз. Постерде тәуелдік жалғаулы сөздердің болуын қадағала. Постерді топта жариялаңдар.

Үлгі: Біз сурет салу студиясына қатысамыз. Онда сурет салуды үйренеміз. Өнерімізді дамытамыз. Бүгін портрет салуды үйрендік. Әсеттің суреті сәтті шықты.

Бүгін сабақта:

- тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейсің, ашық және жабық сұрақтарға жауап бересің;
- тәуелдік жалғауларының қолданысын білесің.



59-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңда.



- Өлеңді тыңдап, тірек сөздерді жаз.
- Бейнелеу өнері дегеніміз не?
- Сурет салуға қандай құралдар қажет?
- Сурет салу нені қажет етеді?
- Қандай қазақ суретшілерін білесің?



60-жаттығу. Тыңдаған өлеңде кездескен тәуелдік жалғауы бар сөздерді теріп жаз. Олардың кімге тиесілі екенін анықта. Қай жақта тұр?

Бармағы, маңдайы, анасы, баласы.



61-жаттығу. Мақалдарды көшіріп жаз.

Жігіт көркі – өнер.

Өнерлінің өзегі талмас.

- Тәуелдеулі зат есімдерді тауып, олардың түбіріндегі өзгерістердің себебін түсіндір.



62-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Суретші

Шеберін-ай аяздың,
Әйнектерді қағаз қып
Әшекейлеп қойыпты,
Бірнеше ою ойыпты.

Түрлі түсін гүлдердің,
Мәнерін де кілемнің,
Өркешін де әр таудың,
Мүйізін де арқардың,
Айнытпай-ақ салыпты.

М. Жаманбалинов

- Суретшілер сурет салуды кімнен үйренген?



63-жаттығу. Ребусты шеш.



- Ребустың жауабы болатын сөзді тәуелдеп айт.



64-жаттығу. «Менің сүйікті суретім» тақырыбында 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін жаз.

Тірек сөздер: суретім, бейнеленген, бояуым, сүйікті ісім, арманым жол.

Бүгін сабақта:

- аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасыңды білдіресің.



65-жаттығу. Қолөнер деген не? Қандай қолөнер түрлерін білесің? Суреттерді қолданып, постер жаса. Сыныпта постерлеріңді қорғандар.



66-жаттығу. QR-кодты сканерлеп, бейнебаянды көр.



- Мәтіндегі «Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп» пікірімен келісесің бе? Неліктен?
- Қазіргі заманда шебер адамдар көп пе?

- «Қолөнер қазіргі сән әлемінде қолданылады». Бұл пікірмен келісесің бе? Қай жерде қолөнер элементтерін көрдің?
- Болашақта қолөнерді үйрену адамға қажет пе? Неліктен қажет немесе қажет емес деп санайсың?
- Егер сен қолөнер шебері болсаң, қандай бұйым жасар едің?

67-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

68-жаттығу. Сөзжұмбақты шешіп, ерекше боялған бағаннан жасырын сөзді оқы.

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайсың.



69-жаттығу. Мәтінді тыңда. Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіме құра.

**Жоспар:**

1. Бәйге – қазақ халқының көне ұлттық ойыны
 - Аттарды баптау және дайындау
2. Бәйге күні – үлкен мереке
 - Халықтың жарысқа жиналуы

3. Бөйге – ерлік пен намыстың белгісі

- «Ат өнері білінбес, бөйгеге түсіп жарыспай»
мақалының мағынасы

Тірек сөздер: бөйге, жүйрік ат, шабандоз, жарыс, баптау, төзімділік, ептілік, батылдық, дәстүр, рух, намыс.



70-жаттығу. Олеңді оқып, соңғы шумағын көшіріп жаз.

Тайбурылдай жараған,
Жал-құйрығын тараған,
Жүйріктер түр
тыпыршып,
Арғымаққа балаған.
Міне, бөйге басталды,

Шабандозым, бас қамшы!
Делебесі қозады,
Бөйге десе жас-кәрі.
Қиқулаған дауыстар,
Жаңғыртады аспанды.

С. Әкірамыұлы

- Тәуелденген зат есімдерді теріп жаз. Сөз құрамына талда.



71-жаттығу. Мына сөйлемдердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтап, себебін түсіндір. Дұрыс сөйлемді көшіріп жаз.

	Сөйлем	Дұрыс	Бұрыс	Себебі
а)	Менің кітап.			
ә)	Оның досы келді.			
б)	Біздің мектеп үлкен.			
в)	Сен дәптерім алдың.			
г)	Сенің талабың керемет!			



72-жаттығу. «Менің жүйрігім» тақырыбына 5-6 сөйлемнен тұратын сипаттау мәтінін жаз.

- Кемінде 2 тәуелдік жалғауы бар сөз қолдан.

Тірек сөздер: жал-құйрығы, тұяғы, түсі (боз, торы, жирен), шабысы, баптау, желдей жүйрік, төзімді, мәреге жету, қуаныш, мақтанамын.

Бүгін сабақта:

- мұғалімнің көмегімен кесте арқылы шақыру құрастырасың.



73-жаттығу. Кесте бойынша мұғалімнің көмегімен салтанатты кештің шақыру қағазын дайында.

Концерттің жоспарланған кестесі

Мерзімі: 15 ақпан 2026 жыл

Уақыты: сағат 15:00

15:00	– Салтанатты ашылу Мектеп директорының құттықтау сөзі және концерттің басталуы
15:10	– Кішкентай өншілер 1-сынып оқушыларының орындауындағы әндер
15:25	– Музыкалық қойылым 2-сынып оқушыларының кішігірім театрландырылған музыкалық қойылымы
15:40	– Үзіліс Сусындар ішіп, көңілді фотосуретке түсу сәті
15:55	– Ансамбльдік өнер 3-сынып оқушыларының музыкалық ансамбльмен өн орындауы
16:05	– Концерттің аяқталуы Жүргізушілердің көрермендермен қоштасуы

Шақыру мәтінінің үлгісі:

Құрметті ауылымыздың ардагерлері!

Сіздерді оқушыларымыздың өнері мен таланты тоғысқан, мерекелік көңіл күй сыйлайтын «**Ән – көңілдің ажары**» атты мектеп концертіне шақырамыз!

Уақыты: 15 ақпан, сағат 15:00

- Топта шақыру үлгісін жасап, сөндеңдер.



74-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.

Біз балдырған баламыз,
Шырқап әнге саламыз.
Туған жердің төрінде,
Алау болып жанамыз.

Алау болып жанамыз,
Құлыншақ боп шабамыз.
Балапандай талпынып,
Көкке қанат қағамыз.

Н. Жанаев

- Тәуелдік жалғауы жалғанған сөзді тап. Оның қай сөзбен байланысып тұрғанын көрсет.



75-жаттығу. «Менің сүйікті әнім» тақырыбында пікір білдір.

- Сенің сүйікті әнің бар ма?
- Ән айтқанда қандай сезімге бөленесің?
- Ән не үшін адамға қуаныш сыйлайды?

- Әннің атауы мен орындаушысын ата.
- Ән, әуен сөздерін жекеше және көпше түрде тәуелдеп жаз.



76-жаттығу. Өздеріңе ұнаған әнді айту арқылы бір-біріңе қолдау көрсетіп, ынтымақтастықта әр дауыстың маңыздылығына мән беріңдер.



Бүгін сабақта:

- сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысасың;
- дұрыс сөйлей білудің маңыздылығын түсінесің.



77-жаттығу. Сұхбатты толықтырып, диалог құра.

- Сәлеметсіз бе? Театрға билет бар ма?
- Бар. Қанша ... керек?
- Маған беріңізші.
- Сізге қай ... ыңғайлы?
- Алдыңғы табылса, жақсы болар еді.
- Екінші қатардың ... орны сізге ыңғайлы ма?
- Иә, маған өте
- Міне, билетіңіз.
- Міне, алыңыз.
- Рақмет.

Керекті сөздер: орындар, билет, екі билет, орындардан, төртінші және бесінші, ыңғайлы.

- Сен тұратын өлкеде қандай мәдени орындар бар? Ол жерлерде болдың ба? Жұптасып әңгімеле.
- Қандай қойылымдарды тамашаладың? Өз ойыңмен бөліс.



78-жаттығу. Берілген етістіктерге тиісті жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім жаса. Зат есімді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

Ұш..., сыз..., іл..., біл... .

- Жасалған туынды зат есімдерді талда.



79-жаттығу. Көп нүктенің орнына тәуелдеулі зат есімдерді жаз.

- Сенің сүйікті ... бар ма?
- Иә, менің сүйікті ... бар.
- Саған оның қандай ... ұнайды?
- Маған оның «Қыс» ... ұнайды.

Керекті сөздер: ақын, өлең.



80-жаттығу. «Сиқырлы жұрнақтар» ойыны. Бір оқушы негізгі зат есім айтады, қалған оқушылар негізгі зат есімге жұрнақ жалғап, туынды зат есім жасап, жауап қайтарады.

Ой – ойын – ойыншық, сурет – суретші, т. б.

- Туынды зат есім қалай жасалады?



81-жаттығу. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.

Қанат, Марат екеуі
Қамшы өре алады.
Таңат, Талап екеуі
Тамаша ән салады.
Самат, Сағат екеуі
Төгілтіп күй шертеді.

Ахат, Марат екеуі
Ат үйретіп жүреді.
Жанат, Манат екеуі
Киім-кешек тігеді.
Балаларды өнерлі
Есептеп көр, сен енді!
С. Қалиев

- Өнерлі балалар қанша?
- Сенің қандай өнерің бар?

Мазмұны

Шартты белгілер	3
Кіріспе	4
5-бөлім. Өнер	5
65. Өнер – ұлттың мәңгілік қазынасы. Сөз таптары.....	6
66. Адамның сәні – өнер. Сөз таптары	8
67. Ата өнері – балаға мұра. Зат есім.....	11
68. Сырмақ өнері. Зат есім	13
69. Өнер көзі – халықта. Зат есім	15
70. Өнер – ағып жатқан бұлақ. Зат есім	17
71. Талаптыға нұр жауар. Негізгі және туынды зат есім	20
72. Өнер таппай баптанба. Негізгі және туынды зат есім	22
73. Өнер алды – қызыл тіл. Негізгі және туынды зат есім.....	24
74. Өнерлі өрге жүзер. Негізгі және туынды зат есім.....	26
75. Өнерлі бала сүйкімді. Негізгі және туынды зат есім	28
76. Өнерлінің қолы алтын. Зат есімнің тәуелденуі	30
77. Бейнелеу өнері. Тәуелдік жалғаулары.....	33
78. Қолөнер – бабадан қалған байлық. Зат есімнің тәуелденуі.....	35
79. Ат өнері білінбес, бөйгеге түсіп жарыспай. Зат есімнің тәуелденуі.....	37
80. Өн – көңілдің ажары. Зат есімнің тәуелденуі	39
81. Театр өнері. Нәтиже сабақ	41
82. Мазмұндама	42
6-бөлім. Атақты тұлғалар	43
83. Атақты күйші. Етістік туралы білетінімді еске түсіремін	44
84. Ұлы Ыбырай атамыз. Етістік туралы білетінімді еске түсіремін	46
85. Абай ата өсиеті. Етістік туралы білетінімді еске түсіремін	48

86. Ұлы ақын – Абай. Негізгі және туынды етістік	50
87. Абайды оқы, ерінбе. Негізгі және туынды етістік.....	52
88. Батыр туса – ел ырысы. Негізгі және туынды етістік	54
89. Ұлт мақтаныштары. Негізгі және туынды етістік	56
90. Халық суретшісі. Болымды және болымсыз етістік	58
91. Биші болу – арманым. Болымды және болымсыз етістік ...	61
92. Еліңді сүйсең, ерлік істейсің. Болымды және болымсыз етістік	63
93. Халықты дана қосады. Болымды және болымсыз етістік ..	65
94. Жақсыны халық мақтар. Болымды және болымсыз етістік	67
95. Күш атасы. Сын есім	69
96. Ыбырай Алтынсарин – алғашқы ұстаз. Сын есім	71
97. Театр – өмірім! Сын есім	73
98. Әнші Димаш. Сын есім	75
99. Нәтиже сабақ. Не үйрендім?	77
100. Нәтиже сабақ. Не үйрендім?	79
101. Мазмұндама	80
102-103. Қорытынды бақылау диктанты	80
104. Тоқсандық жиынтық бағалау	80
7-бөлім. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ	81
105. Су – тіршілік негізі. Негізгі және туынды сын есім	82
106. Судың пайдасы. Негізгі және туынды сын есім	84
107. Судың табиғи көздері. Негізгі және туынды сын есім	86
108. Жаңбырменен жер көгерер. Негізгі және туынды сын есім.....	88
109. Су – нәр. Негізгі және туынды сын есім	90
110. Шипалы су. Сан есім	92
111. Арал теңізі. Сан есім	94
112. Неліктен су ішу керек? Сан есім	96
113. Жетісу. Есептік және реттік сан есім.....	98
114. Су анасы – бұлақ. Есептік және реттік сан есім.....	100

115. Табиғаттағы су айналымы.	
Есептік және реттік сан есім.....	102
116. Балқаш көлі. Есептік және реттік сан есім.....	104
117. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	106
118. Мазмұндама.....	108
8-бөлім. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	109
119. Мерекені ұнатамын. Мәтінді қайталау	110
120. Анаға құрмет. Мәтін және сөйлемді қайталау.....	112
121. Наурыз мерекесі. Сөйлемді қайталау.....	114
122. Ынтымақ күні. Дыбыс және әріптерді қайталау.....	116
123. Ұландар күні. Дыбыс және әріптерді қайталау.....	118
124. Жеңіс күні. Дыбыс және әріптерді қайталау	120
125. 28 панфиловшылар саябағы.	
Сөз және оның құрамын қайталау	122
126. Отбасылық мереке.	
Түбір мен қосымшаны қайталау	124
127. Серуен. Жалғау мен жұрнақ.....	126
128. Театрда. Сөз таптарын қайталау	128
129. Музейге саяхат. Зат есімді қайталау	130
130. Достармен демалу. Етістікті қайталау.....	132
131. Ауылым. Сын есімді қайталау	134
132. Көлде. Сан есімді қайталау	136
133. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	138
134. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	140
135-136. Қорытынды бақылау диктанты	141
Түсіндірме сөздік	142
Пайдаланылған әдебиеттер	144